

обществе имело свои особенности. Очевидно, что это было связано с большей степенью их непосредственной вовлеченности в хозяйственную деятельность кочевого социума; продиктовано условиями разделения труда[3, с. 60].

Кроме работы по хозяйству, женщины-казашки на многих этапах истории выходили на поле боя вместе со своими отцами, мужьями и братьями, не страшась врага, боролись за свободу своего народа, были ли то племена захватчиков, то джунгары, то немецкие войска. Всем известны имена великих женщин, героев советского союза, Хиуаз Доспановой, Маншук Маметовой, Алии Молдагуловой, но легенды о героических поступках девушек-батыров ходили по просторам великой степи намного раньше. Например, в борьбе с джунгарами участвовали Айтолкын, дочь султана Абылая, Есенбике, дочь Карасай батыра, Айбике, дочь Буланбай батыра и многие другие. Известно, что Гаухар, жена Кабанбай батыра, возглавляла разведывательный отряд. Она участвовала во всех крупных сражениях, а став матерью, отправила на войну свою дочь Назым[4, с.139].

Женская сила и мужество казашек-батыров были настолько велики, что воодушевляли не только молодых девушек, но и самих воинов мужчин. Зачастую боевой клич целого племени мог быть женским именем. Это были имена жен, матерей, например, "Каркабат" - боевой клич племени каракесек.

Этот исторический факт подтверждает значимость женщины у казахского народа испокон веков, и демонстрирует, что женщина была символом не просто молодости, красоты и жизни, но и силы духа, который мог сплотить тысячи воинов во время сражений.

Список литературы:

1. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. История образования и расцвета Великого тюркского каганата (VI-VIII вв. н.э.): Кристалл; 2003.- С.43
2. Толыбеков С.Е. Кочевое общество казахов в XVII - начале XX века. Алма-Ата: Издательство Наука, 1972.- С.58
3. Толыбеков С.Е. Кочевое общество казахов в XVII - начале XX века. Алма-Ата: Издательство Наука, 1972.- С.60
4. Хазанов А. М. Социальная история скифов. Основные проблемы развития древних кочевников евразийских степей. М.: Наука, 1975.- С.139.

«Мәңгілік ел идеясы» - жас ұрпақтың басты құндылығының негізі

Ұлұқпанова Ә.Д.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы, тарих магистрі Н.Н. Елкей

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Баршамызға белгілі, 2014 жылдың 17 қаңтарында Қазақстан Республикасының Тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев кезекті Халыққа жолдауында «Мәңгілік Ел» идеясы туралы: **«Мен еліміздің 2050 жылға дейінгі дамуының жаңа саяси бағдарын жария еттім. Басты мақсат — Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Ол — «Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті», [1, 1 б.]** - деп айтты. «Мәңгілік Ел» идеясы, елімізді тәуелсіздік жолы арқылы болашаққа бастар үлкен белес. «Мәңгілік Ел» ұғымын тереңірек түсіну, тарихи негіздерін білу жастар үшін маңызды болып табылады. Түрік тарихын зерттеуші, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры Қаржаубай Сартқожаұлы: *«Мәңгілік Ел» - түрік жұртының данагөйі, үш бірдей қағанның кеңесшісі болған атақты Тоныкөк негізін қалаған идея...»* - деп жазды өз зерттеуінде. Расында, Түрік қағанатын құрғаннан кейін Тоныкөк «Мәңгілік Ел» идеясын қолына алды. Біршама ғасыр бұрын

мәңгілік ел идеясын ту еткен батыр бабаларымыз армандаған «Мәңгілік Ел» дегеніміз – мемлекеттің ғасырлар тоғысында, ірі державалар арасында бәсекеге төтеп бере отырып, өзіндік қорғаныс саясатын ұстану. Сол арқылы күллі Түркі жұртының Мәңгілік Болашағын баянды ету болды.

Қазақ халқы – көк түріктердің тікелей ұрпақтары. Ендеше, ата-бабаларымыздың басты арман-мұратына айналған Мәңгі ел құндылығы - бүгінгі Қазақстан мемлекетінің түп қазығы – ұлттық идеясына айналды. Ежелгі түркілердің «Мәңгілік Ел» идеясы үш негізден тұрды: **біріншісі** – көне түркі жазба ескерткіштеріндегі «Мәңгілік Ел» манифесі, **екіншісі** – әл-Фарабидің философиялық шығармалары, **үшіншісі** – Жүсіп Баласағұнның осы идеяны негіздеген «Құтты Білік» дастанындағы құқықтық мемлекеттің негізгі қағидалары, яғни Ата Заң іргетасының қалануы. Сонымен, көне тарихтан бастау алған ұлттық идеямыз қазір де тарихи сабақтастықтың арқасында тәуелсіз мемлекетіміздің рухани дамуының тұғырлы тетігіне айналып отыр.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Мәңгілік Ел» идеясында **басты жеті құндылықты** да атап көрсетті. Осы орайда Елбасымыз саралап берген құндылықтарымызға қараңызшы: *Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы; қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім; зайырлы қоғам және жоғары руханият; индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім; Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы; тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы; еліміздің ұлттық қауіпсіздік және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы.* Елбасы: «Осы құндылықтар арқасында біз әрдайым жеңіске жеттік, елімізді нығайттық, ұлы жетістіктерімізді еселедік. Жаңа Қазақстандық Патриотизмнің идеялық негізі осы мемлекет құраушы, жалпыұлттық құндылықтарда жатыр», деп атап көрсетті [2, 5 б.].

Құндылық дегеніміз не? Құндылық - тәрбие мен оқытудағы адамгершілікке бағытталған мұраттар. Оларға: рухани байлық, мәдениеттілік, меймандостық, кісілік, сыйластық, имандылық, кішіпейілділік, салауаттылық, қайырымдылық, ізгілік, еркіндік, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, сыпайылық, шығармашылдық, махаббат сынды қасиеттер жатады. Әрбір халықтың өзінің бойында атадан балаға ұласып келе жатқан, күні бүгінге дейін маңызын жоймаған, күнделікті тыныс-тіршілікте қоғамның дамуында айқын көрініс беріп келе жатқан, тек сол ұлттың өзіне ғана тән ұлттық құндылықтары болады. Қазақ халқының ең үлкен тарихи құндылығы ол Отан сүйгіштігі, қазақтың осы қасиетін ұлттық патриотизмі деуге болады. Ұлттық патриотизм туған жерін, елін сүюден, өз ұлтын шексіз қадірлеуден, құрметтеуден тұрады. Қазақтың бойында қалыптасқан осы дәстүрлер атадан балаға қалып келе жатқан ұлттық ерекшелік, ұлттық дәстүр деп айтуға да болады.

Елбасы өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде «Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекеттігімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн. Оған барар жол халық даналығының негізінде жатыр» [3], – деген еді. Елбасы баяндап отырған халық даналығының негізі – жоғарыда сөз еткен Күлтегін, Тоныкөк ескерткіштерінде, Әл-Фарабидің философиялық шығармаларында, Жүсіп Баласағұнның «Құтты Білік» дастанында, оған қоса Ұлы Абайдың дүниетанымдық көзқарастағы шығармаларында жатыр.

Елбасының «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыру – өзім біліп алып жатқан Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің оқу процесінде жақсы жолға қойылған. Студент-жастардың сапалы білім алуына, олардың жоғары жетістіктерге жетуіне университетте жан-жақты жағдай жасалған. Осы ретте біздің тарих факультеті болашақ білімді, білікті мамандарды дайындауда үлкен рөл атқарып келеді. Әсіресе, «Мәңгілік Ел

болу» идеясының басты ұстанымдарын айқындап, оларды жүзеге асыру тарихшы-ғалымдар мен болашақ жас тарихшылардың басты зерттеу нысанына айналған. Мен осы мақалам арқылы қазіргі білім беру жүйесінде «Мәңгілік Ел» идеясын іске асырудың басты міндеттері мыналар дер едім. *Бірінші*, Елбасының Жолдаулары мен бағдарламаларында орын алған ата-бабаларымыздың арман-мақсаттарын бүгінгі тарих пәні сабақтарында қарастыру мәселелері. *Екінші*, іргесі берік «Мәңгілік Елдің» өміршеңдігін баянды ететін «тәуелсіздік» ұғымын жас ұрпақ санасына сіңіру мәселесі. *Үшінші*, «Мәңгілік Елдің» негізгі ұйытқысы болып табылатын жалпы түркі жұртына ортақ мұраларды насихаттау мәселесі. *Төртінші*, мемлекеттік саясаттың тірегі - ел бірлігі, қоғам тұтастығы, халықтар достығы мәселесі.

Қазақтың көрнекті ғалымы Шоқан Уәлихановтың «Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет» деген қанатты сөзі бүгінгі күні Мәңгілік Ел болу жолындағы тәуелсіз еліміздің жастары үшін болашақтың бастау **мұраты** болмақ. Бұлай дейтініміз, қазіргі дамып жатқан Әлем өркениетінің негізі сапалы оқу-біліммен тығыз байланысты екендігі баршамызға аян. Сондықтан Қазақстанның бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары алдыңғы қатарлы елдердің біріне айналуымыз керек. Ол үшін ең алдымен елімізді алға бастайтын келешек жастардың оқу-білім саласына көңіл бөлуіміз қажет.

Тағы да айтып өтетін мәселе, 2017 жылы жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасында берілген алты асқаралы бағыттың мазмұны мен мәні жоғарыда Елбасымыз атап көрсеткен халық руханиятының бастауларымен өзара байланысып жатыр. Бағдарламада берілген барлық бағыттар мен жобалар өз маңыздылығымен құнды. Бағдарламалық мақалада қамтылған «Туған жер» бағдарламасы, «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобалары - Ұлттық университетте білім алып жүрген біздерге тың серпілістің бастамасы болғандығы рас. Аталған жобалар аясында бірнеше ғылыми-зерттеу бағытындағы жұмыстар ұйымдастырылып келеді. Өйткені, патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі. Бұл кез келген халықты әншейін біріге салған қауым емес, шын мәніндегі ұлт ететін мәдени-генетикалық кодының негізі. Осы ұлттық кодтың негізінде Туған жерге деген сүйіспеншілік Туған елге – Қазақстанға деген патриоттық сезімге ұласады [4].

Алаштың ардақты азаматы Ахмет Байтұрсынұлы: "Басқадан кем болмау үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болу үшін оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Ал күшті болуға бірлік керек" деген. Бұл аталы сөз бүгінде өз мәнін жойған жоқ. Сонымен саналы, білімді азамат болып өсуі үшін қандай болу керек?! Жауап іздеп көрсем, атақты ойшыл Әбу Насыр әл Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі» дегендей, бірінші – балаға тәрбиенің дұрыс берілуі, екінші – білім алуы, үшінші - Отанды сүюі, төртінші - Ана тілін сүю, құрметтеуі, бесінші - ұлт жанды азамат болуы, алтыншы - Атамекенді, туған жерге деген құрметі, жегінші - денсаулығы мықты азамат болуы қажет. Осы қажеттіліктерді жүзеге асыруда «Мәңгілік Ел» құндылықтарын негізге алсақ – ел ертеңі айқын болмақ.

Халқымыздың мандайына біткен ұлттық құндылықтарымызды, сонау өткен ғасырлардан өшпес мұра болып қалыптасып келе жатқан дархан халқымыздың таратқан үлгі насихаты асыл мұраларымызды дәріптеп, білімге ден қойып көп ізденіс жасамайынша оқыту

мен тәрбиені бірге ұштастырып, ықпалдастыру мүмкін болмайды. Оқыту мен тәрбиені ықпалдастырып қажымай еткен еңбектің арқасында ғана жоғары деңгейдегі дарынды да, тәрбиелі студент, болашақ маман бола аламыз.

Жалпы, Мәңгілік Ел идеясы – болашақтың кепілі, сондықтан ол ұрпақтар сабақтастығымен жалғасатыны мәлім. Ұлы Дала елінің ғаламат тарихы мен қайталанбас құндылықтары туралы салмақты ойлар айтып, ұрпаққа үлгі боларлық істер атқару – бүгінгі ұрпаққа міндет, келешек ұрпаққа – аманат.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». ҚР Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. // «Егемен Қазақстан» 18.01.2014 ж.
2. Сыдықов Е.Б. Елбасы және еркін елдің ертеңі // «Егемен Қазақстан», 31.01.2014 ж.
3. Назарбаев Н.Ә. Тарихтолқынында – Алматы: «Атамұра», 1999 ж.- (288). – 120 б.
4. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру (Бағдарламалық мақаласы бойынша). Интернет-ресурс: <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>

Әбілқайыр хан бастаған Кіші жүздің сыртқы саясаты

Шалабаев Д.Е.

Ғылыми жетекші: т.ғ.к., доцент Капышев А.К.

Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті

XVIII ғасырдың басына қарай қазақ хандығы қиын ішкі дағдарысқа түсіп, сыртқы саясатта да көрші елдермен қақтығысқа түскен болатын. Ішкі саяси дағдарыс, ұлы хан Тәукенің қартаюына байланысты орталықтандырған биліктің әлсіреуімен және сұлтандардың сепаратистік қозғалыстармен баяндалады. Осымен бірге, шығыстағы күннен күнге күшейіп бара жатқан көрші, жоңғар мемлекеті де XVII ғасырдың 30-40 жылдарынан бастап маза бермеді. Қазақ елінің көші-қондарын жаулап алу мақсатында үздіксіз жасаған шабуылдар XVIII ғасырдың басына қарай алапат соғысқа әкелген болатын. Батыс шекараларда қалмақ пен башқұрттар шабуыл жасай берсе, солтүстікте қуатты көрші Ресей империясы да қазақ иеліктеріне көз тігті. Орталық биліктің әлсіреуіне байланысты қазақ хандығы үш жүзге бөлініп, жеке мемлекеттік құрылымдар ретінде дара саясатты жүргізуге тырысты. XVIII ғасырдың басына қарай орта жүз қазақтарын Болат, Сәмеке, Тұрсын, Барак, Әбілмәмбет атты хан мен сұлтандар басқарса, ұлы жүзді Қайып пен жолбарыс хандар, ал кіші жүзді жаста ақылды, батыл Әбілқайыр бастады.

Ішкі талас-тартысқа қарамастан қазақтың келте хандары өзара одақ құрып, жоңғар агрессиясына қарсы тойтарыс беріп, бүкілқазақтық әскери жасақтарды құрды. Қазақ-жоңғар соғысында өзінің айлакерлігімен, ақылымен, батылдығы мен стратегиялық ойларымен ерекшеленген Әбілқайыр халықтың көзіне түсіп, қазақ халқының тариында өшпес із қалдырды.

Әбілқайыр хан – XVII ғасырдың 80/90 жылдары дүниеге келіп, 1748 жылы қайтыс болған қазақтың қолбасшысы, батыры, саяси қайраткері және кіші жүздің ханы. Ол Арал маңында көшіп жүрген Қожа сұлтанның ұлы, Жәнібек ханның ұлы Үсек сұлтанның тараған ұрпағы болып табылады. Арғы аталары ешбір қасиеттерімен ерекшеленбегендіктен және хан сайланбағандықтан төрелердің арасында тексіз әулеттерге жатқызылды. Ерте жастан бастап қалмақтардың ордасында тұтқында болып қайтқан Әбілқайыр онда қалмақтың әскери өнеріне үйреніп, башқұрттардың көтерілісіне қатысып, башқұрт батыры Алдар Есенгельдинмен достасып қазақ еліне жас, ақылды және батыл батыр ретінде оралды.